Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде

2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы МКҚК «Алтын бесік» бөбекжайы

Топ/сынып «Гүлдер» ортаңғы тобы

Балалардың жасы:3 жастағы

Жоспардың құрылу кезеңі 2022-2023 оқу жылы наурыз айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Дене шынықтыру	
	Сөйлеуді дамыту	Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.
	Көркем әдебиет	мәнерлі, мағыналы, эмоционалды түрде жатқа айтуға үйрету
	Математика негіздері	өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру.Өзінің дене мүшелерін (басы, аяғы, қолы) бағдарлау және атау.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Балаларды көлік түрлерімен таныстыру.Жүк көлігі және оның маңызы туралы ұғым қалыптастыру,көліктердің жеке бөліктерімен таныстыру.Әр көліктің пайдасы туралы ұғым қалыптастыру
	Құрастыру	құрылыс материалының негізгі бөлшектері, олардың бөлшектері туралы білімді қалыптастыру,оларды түсі, шамасы бойынша тану. Сюжеті бойынша біріктіру және ойнау арқылы құрылыс салу кезінде шығармашылық қиялды қалыптастыру;
	Сурет салу	жануарлардың суретін салу дағдыларын жетілдіру
	Мүсіндеу	Сюжеттік мүсіндеу
	Жапсыру	Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) ересектер дайындаған ірі және өте ұсақ ою элементтерін орналастыру және жапсыру; 2) шаршының ортасына, бұрыштарына қазақ ою өрнектерін жапсыру;

		3) пішінін, түсі мен көлемін, ескере отырып, заттар мен ою-өрнектерді орналастыру; геометриялық элементтерден өрнек құрастыруға үйрету.
	Музыка	**Тақырыбы:Көктем.** **Музыка тыңдау:** Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау; музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. **Ән айту:** Дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату (октава шегінде), әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қиылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.